

**Түрік Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Мемлекеттік министрі Девлет Бахчелидің Қазақстан Республикасына 2002 жылғы 18-22 наурыз кезеңінде ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 наурыз N 348

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасының арасындағы достық қатынастарды нығайту және екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:
  - 1) Түрік Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Мемлекеттік министрі Девлет Бахчелидің Қазақстан Республикасына 2002 жылдың 18-22 наурыз кезеңінде ресми сапарын дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін;
  - 2) Түрік Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Мемлекеттік

министрі Девлет Бахчелидің ресми сапарын өткізуге, оның ішінде Түрік Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің тұруына 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1205590 (бір миллион екі жүз бес мың бес жүз тоқсан) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК